

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

	- степень проработки планов очень высока, корректируются и уточняются промежуточные цели. Формализуются усилия и <u>контроль</u> работ; - степень проработки планов заключается в определении промежуточных целей и конечного результата; - детализация отсутствует.	0.4 0.9			
3	Наличие <u>сценариев</u> планирования деятельности предприятия: - при разработке решения рассматривается обычно один <u>сценарий</u> действий; - при разработке решения рассматриваются обычно два-три сценария действия; - количество сценариев может быть и большим в зависимости от важности принимаемого решения	0.5 0.3 0.1	0.3		0.7
	Итого	0.5	0.5		0.6

Принятие решения является заключительной и самой ответственной процедурой в оценке рисков финансово-хозяйственной деятельности.

Используя вышеизложенные инструменты аудита, совмещающие в себе методы рискологии и комплекс аудиторских процедур в зависимости от текущего сценария, можно заметно облегчить процедуру планирования аудиторских проверок. Данный способ дает возможность аудиторской организации контролировать ход проведения независимых проверок в любой момент времени и оценить тот масштаб работ, которые необходимо провести. Мониторинг отдельных видов риска позволит минимизировать объемы аудиторских процедур и время, затраченное в целом на аудит финансовой устойчивости организации.

Список использованных источников:

1. Гильмутдинов К.Я. Применение методов рискологии в аудите. Аудитор – 2011 - №6 – с. 34-39
2. С. М. Бычкова, Л. Н. Растамханова. Риски в аудиторской деятельности - М. : Финансы и статистика, 2003. - 416 с.
3. Терехов А.А. Аудит: законодательные решения. М.: Финансы и статистика, 2003. - 608 с.
4. Б.Т. Жарыгласова. Оценка аудиторского риска. Аудитор – 2006 - №12 – с. 30-35
5. Акимова Е. В. Риски в аудиторской деятельности. Справочник экономиста – 2014 - №2 – с. 28-35

ӘОЖ 657.4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЛЫҚ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Тусупова Қымбат Абилкешқызы

kn_muslim@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс
магистранты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: Омашева А.

Мемлекет салық көмегімен барынша нарықтық экономикаға әсер етіп отырады. Олар белгілі бір қызмет түрлерін ынталандырып, өнеркәсіптің әртүрлі саласын дамытуға,

айналымдағы ақша мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді. Мемлекет салық саясатын нарықтың келеңсіз оқиғаларына әсер етуде кеңінен қолданады. Салықтар нарық шарттарындағы экономиканы басқарудың қуатты құралы болып табылады. Сол себепті салық есебінің маңызы күннен күнге артуда.

Салық есебінің мәні мен міндеттері мемлекеттегі салық салу жүйесінің рөлімен анықталады. Нарықтық экономикаға өту кезеңінің сатысында салықтар белсенді түрде мемлекеттік реттеу құралы болып табылады. Осыған байланысты, мемлекет реттеуші және жинақтаушы функцияларды атқарады. Бірақ салық салу жүйесінің өзі микродеңгейде қызмет етеді, яғни салықтардың негізгі функциялары субъектілер – заңды, сондай-ақ жеке тұлғалар сияқты нақты салық төлеушілер деңгейінде жүзеге асырылады.

Салық есебі қазыналық, бақылау және ақпараттық функцияларды атқарады.

Салық есебінің қазыналық функциясы көмегімен мемлекет қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілсе, бақылау функциясы арқылы салық органдары салық төлеушілердің өз салық міндеттемелерін орындауына қадағалау жасайды. Ал, ақпараттық функция арқылы салық пен алымдардың әрбір түрінің уақытылы жүргізілгендігі және олар бойынша берешектер туралы мәліметпен қамтамасыз етіледі.

Салық есебінің міндеттеріне кәсіпорын қызметі мен оның мүлдіктік жағдайы туралы толық және дәйекті ақпаратты қалыптастыруды; ішкі және сыртқы қолданушыларға қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуді жатқызуға болады. Сонымен қатар, салық есебі келесідей қазынашылық міндеттерді жүзеге асырады:

- құжаттаманы жүргізу және қағаз, электронды немесе магнитті ақпарат тасымалдауыштарда 5 жыл аралығында сақтау;
- белгіленген мерзімдерде салықтардың төлемдерін жүргізу, салықтар бойынша декларациялар ұсыну;
- тиісті органдарға төлемдер туралы, мерзімін ұзарту немесе төлемдерді қайтару және т.с.с. жайлы ақпарат ұсыну[1].

Әлемдік тәжірибеде салық есебі жүйесін құрудың үш негізгі үлгісі бар, олар бухгалтериялық есеп жүйесіне қатысты дербестік дәрежесі бойынша айрықшаланады. Олар:

1) Бухгалтерлік салық есебі. Мұнда салық есебінің көрсеткіштері бухгалтерлік есеп ақпараттарына сәйкес анықталады. Есептелетін салықтардың санына байланысты бұл жүйе анықтаушы болып табылады, себебі отандық дәстүрлі салық салу жүйесі бухгалтерлік есеп көрсеткіштеріне бағытталған еді. Сондықтан да бұл жағдайда бухгалтерлік есепті универсалды деп айтуға болады.

2) Аралас салық есебі. Салық есебінің көрсеткіштері салық салу мақсатындағы нақты әдістерді қолдану арқылы бухгалтерлік есеп мәліметтеріне сүйеніп есептеледі. Салық есебінің бұл әдісінде салық төлеуші, ең алдымен, бухгалтерлік есеп көрсеткіштерін қолданып, кейіннен салық заңнамасына сәйкес арнайы тәсілдер арқылы түзетулер енгізеді.

3) Абсолютті салық есебі. Көрсеткіштер бухгалтерлік есептің қатысуынсыз қалыптасады. Есептің бұл түрі де кең таралған. Бухгалтерлік есеп көрсеткіштерінсіз кедендік және мемлекеттік баж төлемдері есептеледі.

Қазақстан Республикасында салық есебі ҚР Салық кодексі негізінде жүзеге асырылады[2]. Салық есебінің жүйесін салық төлеуші өз бетінше ұйымдастыратыны салық заңнамасымен бекітілген. Сәйкесінше, әрбір салық төлеуші ұйым салық есебін жүргізудің нұсқаларын таңдауға құқылы. Бұл ретте жүйе ішкі бақылау, сол сияқты, тексеру органдары тарапынан бақылау жасау жүзеге асырылғанда, салық базасын есептеу кезінде ескерілетін қандай да бір көрсеткіштер қалыптасуының дұрыстығына бақылау жасау мүмкіндігімен қамтамасыз етуі тиіс. Яғни бастапқы құжаттан бастап салық декларациясының көрсеткіштерін құру «ашықтығы» қамтамасыз етілуі тиіс.

Салық кодексі және басқа да реттеуші заңнамалық актілерге сәйкес салық есебі мен есептілігінің принциптері, салық есебін жүргізу әдістері, салық органдарына салық есептілігін ұсыну және қалыптастыру талаптары, бюджетке төленетін салықтық

міндеттемелердің төлену тәртібі, және ішкі салықтық бақылау мен салықтық аудитті ұйымдастыру шарттары салық есеп саясатында қарастырылады. Салық төлеуші (салық агенті) салық есеп саясатын дербес әзірлейді және бекітеді. Арнаулы салық режимі қолданылатын салық төлеуші қызмет бойынша ҚР Үкіметі бекіткен нысанда дербес әзірленген салық есеп саясатын бекітеді.

Бірлескен қызмет бойынша шартқа қатысушыларды жиынтық салық есебін жүргізуге жауапты уәкілетті өкілі арқылы ұйымдастырады және мыналарды:

- Салық кезеңі ішінде салық төлеуші (салық агенті) жүзеге асырған операцияларды салық салу мақсатында есепке алу тәртібі туралы толық және дәйекті ақпараттың қалыптастырылуын;

- Салық есептілігі нысандарының әрбір жолының таратып жазылуын;

- Салық есептілігінің дәйекті жасалуын;

- Салықтық бақылау үшін салық қызметі органдарына ақпарат берілуін қамтамасыз ету үшін ақпаратты салық мақсатында қорыту мен жүйелеудің салық тіркелімдері түріндегі нысандарын айқындайды.

Салық есебін жүргізудің барлық әдістері салық есеп саясатында қабылданады. Және ол кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерінде біртұтас орындалады. Салық есеп саясатының элементтерін қалыптастырған кезде, кәсіпорын заңнамада қарастырылған бірнеше әдістердің бірін таңдап қолданысқа енгізеді. Таңдалған әр бір әдістер мен нормалардың пайдалану заңдылығын дәлелдеу мақсатында, салық есеп саясатында салық Кодексіне немесе басқадай салықтық заңнамаға сілтеме жасалғаны жөн. Егер кейбір мәселелер бойынша салық есебін жүргізудің әдістері нормалармен белгіленбеген болса, кәсіпорын қолданыстағы салықтық заңнама ережелеріне сүйене отырып, салық есеп саясатын қалыптастыру барысында мұндай салық есебінің әдістері мен нысандарын (регистрларды) даярлай отырып ұйымдастырады. Сонымен қатар, кәсіпорынның салық есеп саясатында әр бір салықтық міндеттемеге байланысты салық базасын анықтау ерекшеліктері мен кәсіпорынның әр бір жекелеген іс-әрекеті бойынша салық салу объектілеріне салық есебін бөлек ұйымдастырылатынын көрсету қажет[3].

Салық есеп саясатының дара әрі бірегей құжат екенін түсіне отырып, оның қабылдануы мен бекітілуі арнайы бұйрық арқылы жүзеге асады. Бұйрықта, салық есеп саясатының қолданысқа енгізілу мерзімі, салық есеп саясатының өзі, шоттардың жұмыс жоспары, салық есебінің типтік және даярланған регистрлары, қабылданған салық есеп саясатының орындалуы мен оның орындалуын бақылауға жауаптылар көрсетіледі.

Кәсіпорындарда салық есебін жүргізудің жаңа әдістерін қабылдау мен енгізу, салық есеп саясатының келесі жаңа салықтық кезеңнің басынан орын алуы қажет (1қаңтардан). Салықтар және бюджетке төленетін басқадай міндетті төлемдер пайда болуына байланысты, кәсіпорынның ерекше салық салуды қажет ететін жаңа іс әрекет түрі пайда болуына байланысты, кәсіпорынның қайта құруына байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгеруіне байланысты, бұл өзгерістердің қолданысқа енгізілген күннен бастап, есептік (салық) кезеңінің ішінде де кәсіпорын салық есеп саясатына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі қажет. Бұл есеп және салық есеп саясатына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, сәйкес ұйымдастырушы-басқарушылық құжаттармен дәлелденетін, әрі заңды түрде рәсімделген болуы шарт.

Салық есеп саясаты ұйымның есеп және басқа да саясаттары сияқты белгілі бір ережелерді қарастыруы шарт. Олар:

- 1) Салық төлеуші (салық агенті) дербес әзірленген салық тіркелімдерінің нысандары мен жасалу тәртібі;

- 2) Стандарттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің тізбесі;

- 3) Салықтық есепке алу саясатының сақталуына жауапты адамдар лауазымдарының атауы;

4) СК салық салудың әртүрлі шарттары көзделген қызмет түрлері жүзеге асырылған жағдайда СК 58 бабында белгіленген ережелерді сақтай отырып, бөлек салықтық есепке алудың жүргізілу тәртібі;

5) КТС есептеу мақсатына орай шығыстарды шегерімге жатқызудың, сондай-ақ ҚҚС есепке жатқызудың СК-де көзделген, салық төлеуші таңдап алған әдістері;

6) Хеджирленетін операцияларды жүзеге асырған жағдайда хеджирленетін тәуекелдерді, хеджирленетін баптарды және оларға қатысты пайдаланылатын хеджирлеу құралдарын, хеджирлеу тиімділігінің дәрежесін бағалау әдістемесін айқындау саясаты;

7) СК-нің 120 бабы 2 тармағының ережелерін ескере отырып, тіркелген активтердің әрбір кіші тобы, тобы бойынша амортизация нормалары.

Салық төлеуші (салық агенті) салық есеп саясатында бұрын көрсетілмеген қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде салық есеп саясатына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге тиіс. Салық есеп саясатына өзгерісті және (немесе) толықтыруларды енгізу жолдары:

- ХҚЕС және ҚР бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген жаңа салық есеп саясатын немесе есеп саясатының жаңа бөлімін бекіту;

- ХҚЕС және ҚР бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген қолданыстағы салық есеп саясатына немесе есеп саясатының бөліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу.

Сонымен қатар салық есеп саясатына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне жол берілмейтін жағдайлар бар. Олар:

- Кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізу кезеңінде – тексерілетін салық кезеңінің ішінде;

- Шағымдар берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) салық қызметінің жоғары тұрған органының хабарламаға жасалған шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарған шешіміне шағым беру және оны қарау мерзімі кезеңінде шағым жасалатын салық кезеңінің ішінде.

Салық есеп саясатының құрылымы, кәсіпорында ұйымдастырылатын салық есебінің барлық жақтарын ашуы шарт. Салық есеп саясатының құрылымын қалыптастыруда кәсіпорындағы барлық салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер мен кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелеріндегі салықтық міндеттемелері толықтай қарастырылады. Себебі, кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қаржылық және салық есептілігі шоғырландырылған есептіліктің бөлігі ретінде танылатындығынан, қабылданған салық есеп саясатының ережелері кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің мүддесін де қарастырады[3].

ҚР Салық кодексімен субъектінің салық есеп саясатында белгіленген ережелердің әрекеті күнтізбелік жылға таралатындығы көзделген. Бұл жыл сайын ұйым өзінің салық есеп саясатына қағидалардың (ҚР СК ережелеріне сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылға белгіленетін) жаңа шарттары көрсетілетін толықтырулар енгізуі немесе олардың әрекетін ұзартып отыруы тиіс екендігін білдіреді.

Жалпы салық есебінің қай мемлекетте болмасын маңызды орынға ие екені белгілі. Себебі, салық есебі арқылы есептелген салықтық төлемдер негізінде кез-келген мемлекеттің қазынасы молая түседі. Сондықтан дұрыс ұйымдастырылған салық есеп саясаты нәтижесінде мемлекет пен салық төлеуші арасындағы қарым-қатынас жеңілдей түседі. Салық төлеуші де салық қызметі органдарының тарапынан білдірілген артық наразылықтардан құтылуға, салық дауларының туындау ықтималдылығын төмендетуге және оның салыққа жұмсайтын шығындарын барынша азайтуға мүмкіндік алады. Сауатты түрде құрылған салық есебі компанияға табысты барынша арттырып, ал салық міндеттемелерін барынша азайту үшін өз үлесін қосады.

Қолданылған әдебиет:

1. З.Шакирова. «Файл Бухгалтера» – 2012 - №6- с.15
2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 10.12.2008ж. №99-IV Қазақстан Республикасының Салық кодексі 16.05.2014ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен, 65-70б.
3. Жақыпбеков Д.С. Кәсіпорынның есеп және салықтық есеп саясаты (кескіндер мен кестелерде). -Алматы: Экономика, 2013, 270-274б.

ӘОЖ 331.24

ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕБІНІҢ РӨЛІ

Тургынбек Ж.А.

zhanerke@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: Омашева А.

Нарықтық экономика басқарудың жаңа тәсілдерін талап етеді: бірінші кезекте басқарудың икемділігін арттыруға қойылатын талаптардың тиімділігі, экономикалық, нарықтық критериілері кіреді. Қоршаған орта динамикасы қазіргі талапқа сай кәсіпорындарды түгелдей дерлік күрделі жүйелерге өтуге мәжбүр етеді. Кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасының тиісті (үйлесімді) қиындықтарын қамтамасыз ету үшін мұндай жүйелерді басқарудың жаңа тәсілдері қажет. Операциялық және стратегиялық басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ететін, басқарудың қаржылық-экономикалық қызметін талдау арқылы жүзеге асырумен байланысты кәсіпорындағы стратегиялық басқарушылық есебінің экономикалық жұмыстарының функционалды бөлек бағыты ретінде пайда болуы басқарудағы жаңа бағыт болып есептелінді.

Стратегиялық басқарушылық есебіне кіретіндер: кәсіпорын мақсатын анықтау, басқару шешімдерін қабылдау үшін ағымдағы алымдар мен ақпараттарды өңдеу, кәсіпорын әрекетінің нақты көрсеткіштеріндегі жоспардан ауытқуын бақылау қызметін жүзеге асыру, ал сондай-ақ ең маңыздысы басқару шешімдерін қабылдау үшін кепілдеме дайындау. Кәсіпорынды басқарудың барлық жүйелерінің әрекетін үйлестіре, біріктіре және бағыттай отырып қойылған мақсаттарға жету, стратегиялық басқарушылық есебі «басқаруды басқару» қызметін атқарады және жоспарлау, есеп, бақылау, экономикалық сараптама, үздіксіз ақпараттарды ұйымдастыру синтезі болып табылады.

Кәсіпорынды басқару жүйесінде ерекше орын ала отырып, стратегиялық басқарушылық есебі қолда бар мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалану мақсатында шешімдерді қабылдауды ақпаратты қамтамасыз етуді жүзеге асырады, кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын объективті бағалайды, ал сондай-ақ банкротқа ұшырау мен дағдарыстық жағдайлардан аман болуды (құтылу үшін) жүзеге асырады.

Стратегиялық басқарушылық есебінің пайда болуы XX ғасырдың 80 жылдарына жатады. Оның өзбетінше бағыт ретінде жиырма жылдан астам уақыт қолданылуына қарамастан, әлі де болса оның бір мағыналы анықтамасы тұжырымдалмаған. Міне, сондықтан да кәсіпорындағы стратегиялық басқарушылық есебін жан-жақты зерттеу қажет: басқару тұжырымдамасымен байланысты теориялық аспектілерден бастап, басқару ақпараты негізінде басқару шешімдерін қабылдаудың қолданбалы әдістеріне дейін. Сонымен қатар, стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне, мақсаттарды анықтау, стратегиясын қалыптастыру, стратегиялық және операциялық жоспарлар мен бюджеттерді әзірлеу,